

М Е М О Р А Н Д У М

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің
«Әзірет-Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны мен

Әзербайжан Республикасының Мәдениет министрлігі жанындағы
Мәдени мұраны қорғау, дамыту және қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік қызметтің
қарамағындағы

«Кешікшідаг» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы арасында
өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы

Әзербайжан Республикасының Мәдениет министрлігі жанындағы Мәдени мұраны қорғау, дамыту және қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік қызметтің қарамағындағы «Кешікшідаг» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы директоры Мұса Хамидулы Мурсагулиевтің атынан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің «Әзірет-Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының міндетін атқарушы Нурлан Мусағалиевич Дукенбаевтың атынан (бұдан әрі – Тараптар),

ынтымақтастық мәдениетаралық диалог пен өзара түсіністікті қамтамасыз етеді деген сеніммен,

бауырлас халықтарымыздың мәдениеті мен тарихи ескерткіштері туралы қоғамның өзара хабардарлығын арттыру мақсатында,

өзара құрмет пен мәдени ағартушылықты күшейту үшін, ортақ мүдделерді басшылыққа ала отырып, жемісті ынтымақтастықты қамтамасыз ету ниетімен,

осы Меморандумды төмендегі шарттар негізінде қабылдады:

1-бап

Тараптар өз қызметін үйлестіріп, өзара қызығушылық тудыратын жұмыс жоспарлары жөнінде ақпарат алмасады және мәдени мұраны насихаттау, орналасқан өңірлердегі қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақты даму мәселелеріне қатысты жобаларды бірлесіп әзірлейді.

2-бап

Тараптар мәдениетаралық диалог саласында, сондай-ақ мәдени іс-шараларға байланысты жобаларды әзірлеуде (мысалы, фотография, қолөнер, фестивальдер, кино өндірісі, тақырыптық саяхаттар, көрмелер және т.б.) ынтымақтасады.

3-бап

Әрбір Тарап екі елдің мәдени, адамдық және экологиялық әлеуетін айқындау мақсатында өз елінде мәдени мұраның географиялық бағыттары туралы ақпараттың таралуына жәрдемдеседі. Бұл ақпарат қоғамдар мен жеке тұлғалар арасында делегациялар алмасу,

семинарлар мен конференциялар өткізу, мәдениет, экология немесе қоғам салаларындағы академиялық форумдар арқылы таратылатын болады.

4-бап

Осы Меморандум аясында Тараптар қажет болған жағдайда тапсырмаларды орындауға жұмыс топтарын құра алады. Өзара келісім негізінде болашақта Тараптар осы Меморандумға кірмейтін басқа да істерді бөлек келісімдер шеңберінде жүзеге асыра алады. Бұл Меморандум Тараптар арасында ешқандай құқықтық және/немесе қаржылық міндеттемелер туғызбайды.

5-бап

Тараптар кез келген тақырыпта бірлескен көрмелер, онлайн-конференциялар, семинарлар және вебинарлар өткізе алады. Басқаша келісілмеген жағдайда Тараптар арасындағы ынтымақтастық ерікті және тегін болып табылады.

6-бап

Осы Меморандум негізінде әрбір нақты жоба бойынша Тараптардың мүдделері және қажет болған жағдайда өтемақы ескеріле отырып, орындалу шарттары мен мерзімі айқындалған бөлек келісім жасалады.

7-бап

Осы Меморандумға кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде енгізіліп, оның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамаларда рәсімделеді.

8-бап

Осы Меморандумды түсіндіру немесе қолдану жөніндегі кез келген даулар Тараптар арасындағы консультациялар арқылы шешіледі.

9-бап

Бұл Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және бес (5) жыл мерзімге жарамды. Егер тараптардың бірі мерзім аяқталуына кемінде бір (1) ай қалғанда екінші тарапқа Меморандумды тоқтату туралы хабарламаса, ол келесі бес (5) жылға автоматты түрде ұзартылатын болады.

10-бап

Осы Меморандумның тоқтатылуы қолданыстағы басқа бағдарламалар мен жобалардың нәтижелеріне әсер етпейді.

11-бап

Бұл Меморандум 2025 жылғы «__» _____ күні төрт (4) данада әзербайжан, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қол қойылды, олардың барлығы бірдей заңды күшке ие.

Әзербайжан Республикасының Мәдениет министрлігі жанындағы
Мәдени мұраны қорғау, дамыту және қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік
қызметтің қарамағындағы
«Кешікшідаг» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы

 М.Х. Мурсагулиев
Директор

«__» _____ 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің
«Әзірет-Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны

 Н.М. Дукенбаев
Директор
 2025 ж.